

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Мұсахан Қанапиянов атындағы жоғары колледж
«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ**

ҚАРАЛДЫ

және педагогикалық кеңес отырысында
келісілді

№ _____ хаттама

« _____ » _____

«БЕКІТЕМІН»

М. Қанапиянов атындағы
жоғары колледж директоры

Н.Н. Елисеева _____

« _____ » _____ 20 _____ жыл

**ЖАТАХАНАДА
ТҰРУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Павлодар қ.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Мұсах Қанапиянов атындағы жоғары колледжінің жатақханасында тұру қағидалары (бұдан әрі — Қағидалар) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (өзгерістер мен толықтыруларымен), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ Жарғысына және колледждің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Қағидаларды жатақханада тұратын барлық білім алушылар, жатақхана қызметкерлері, сондай-ақ жатақханада белгіленген тәртіппен болатын өзге де тұлғалар орындауға міндетті.

1.3. Жатақхана техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Мұсах Қанапиянов атындағы жоғары колледждің білім алушыларының оқу кезеңінде уақытша тұруына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген жағдайларда өзге де тұлғалардың тұруына арналған.

1.4. Білім алушыларға жатақханадан орын беру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Тұрғын үй-жайларды беру және орналастыру тәртібі

2.1. Білім алушыларды жатақханаға орналастыру колледж директорының (немесе уәкілетті тұлғаның) бұйрығы, тұру туралы шарт, жеке басын куәландыратын құжат, медициналық құжаттар (қажет болған жағдайда), қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамадан өту негізінде, сондай-ақ тұру туралы шарттың талаптары орындалған кезде жатақхана коменданты арқылы жүзеге асырылады.

2.2. Тұру туралы шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалады. Бір данасы тұрушыға беріледі, екіншісі колледжде сақталады.

2.3. Орналастыру кезінде білім алушылар осы Қағидалармен қол қою арқылы танысуға, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, санитариялық талаптар және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамадан өтуге міндетті.

2.4. Жатақханада тұрғаны үшін ақы төлеу тәртібі. Жатақханада ақылы негізде тұрған жағдайда білім алушы тұру үшін белгіленген ақыны уақтылы төлеуге міндетті. Білім алушы төлемнің уақтылы енгізілуіне жауапты болады. Жатақханада тұрғаны үшін берешек пайда болған жағдайда білім алушы оны колледж белгілеген мерзімде өтеуге міндетті.

Төлем мерзімдері жүйелі түрде бұзылып, берешек болған жағдайда білім алушыға тұру туралы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шаралар, тұру туралы шартты тоқтатуға және жатақханадағы орынды белгіленген тәртіппен босатуға дейін қолданылуы мүмкін.

2.5. Бұрын жатақханада тұру қағидаларын өрескел бұзғаны үшін оқудан шығарылған студент жатақханаға қайта орналастырылмайды. Қайта

орналастырудың мүмкін еместігі туралы шешімді жол берілген бұзушылықтың сипаты мен мән-жайларын ескере отырып, тұрғын үй комиссиясы қабылдайды.

2.6. Шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде тұрушы күнтізбелік он күн ішінде өзі тұратын тұрғын үй-жайды босатуға, бөлмені және алған мүлкін қалыпты тозуын ескере отырып жарамды күйде комендантқа тапсыруға міндетті.

2.7. Білім алушылардың каникул кезеңінде тұру тәртібін колледж әкімшілігі айқындайды.

3. Жатақханаға кіру және одан шығу тәртібі

3.1. Тұрушыларға электрондық рұқсаттама, белгіленген үлгідегі рұқсаттама немесе жатақханаға кіру және одан шығу құқығын беретін өзге де құжат беріледі.

3.2. Тұрушылардың жатақханаға кіруі және одан шығуы күн сайын сағат 06:00-ден 21:00-ге дейін тұрушылардың кіруі мен шығуын есепке алу журналына міндетті түрде тіркелу арқылы жүзеге асырылады.

3.3. Жатақханаға кірген кезде тұрушылар рұқсаттаманы (немесе колледж белгілеген өзге құжатты) көрсетуге міндетті. Жатақханада тұрмайтын тұлғалар келушілер журналына міндетті түрде тіркеліп, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана жіберіледі.

3.4. Ірі көлемді мүлікті кіргізу және шығару жатақхана комендантының рұқсатымен және белгіленген тәртіппен міндетті түрде тіркелу арқылы ғана жүзеге асырылады.

3.5. Осы Қағидаларды немесе колледждің өзге де жергілікті нормативтік актілерін бұзғаны үшін жатақханадан шығарылған тұлғаларға жатақханаға келуге колледж әкімшілігінің рұқсатымен ғана жол беріледі.

3.6. Он сегіз жасқа толмаған білім алушылар үшін жатақханаға оралудың белгіленген уақытын сақтау міндетті. Ерекше жағдайларда уақытты өзгертуге колледж әкімшілігінің жазбаша рұқсатымен және заңды өкілдерді хабардар ете отырып (қажет болған жағдайда) ғана жол беріледі.

4. Жатақханада тұрушылардың құқықтары

Жатақханада тұрушылар:

4.1. Осы Қағидаларды, шарт талаптарын және колледждің жергілікті нормативтік актілерін сақтаған жағдайда тиісті оқу жылына жасалған тұру туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде жатақханада берілген тұрғын үй-жайда тұруға;

4.2. Тұрғын бөлмелерді, ортақ пайдаланылатын үй-жайларды, жиһазды, жабдықты және жатақхананың өзге де мүлкін олардың мақсатына және белгіленген пайдалану қағидаларына сәйкес пайдалануға;

4.3. Үй-жайларды уақтылы жөндеу, ақауларды жою, тұрушының кінәсіз істен шыққан жабдық пен құрал-сайманды ауыстыру мәселелері бойынша жатақхана әкімшілігіне жүгінуге;

4.4. Колледждің жергілікті нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен жатақхананың студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға, олардың құрамына сайлауға және сайлануға;

4.5. Студенттік өзін-өзі басқару органдары арқылы немесе тікелей колледж әкімшілігіне тұру жағдайларын жақсарту, мәдени-бұқаралық, тәрбие, спорттық және өзге де іс-шараларды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4.6. Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі қағидалары және осы Қағидалар талаптарын сақтай отырып, жатақханада орнатылған тұрмыстық аспаптар мен жабдықтарды пайдалануға;

4.7. Оқу сабақтарына өз бетінше дайындалуға арналған үй-жайларды, тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық мақсаттағы үй-жайларды белгіленген тәртіппен пайдалануға;

4.8. Тұру қағидалары, төлем мөлшері, көрсетілетін қызметтер туралы анық ақпарат алуға және колледж әкімшілігіне өтініштермен, ұсыныстармен және шағымдармен жүгінуге құқылы.

5. Колледж әкімшілігінің құқықтары

5.1. Колледж әкімшілігі тұрушылардың осы Қағидаларды, тұру туралы шарт талаптарын, санитариялық нормаларды, өрт қауіпсіздігі талаптарын және өзге де жергілікті нормативтік актілерді сақтауын бақылауға құқылы.

5.2. Колледж әкімшілігі тұрушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидаларда және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

5.3. Колледж әкімшілігі мынадай жағдайларда тұру туралы шартты бұзуға және білім алушыны жатақханадан шығаруға құқылы:

- осы Қағидаларды жүйелі түрде немесе өрескел бұзған, оның ішінде алкогольдік ішімдіктерді пайдаланған, сақтаған, таратқан немесе басқа тұлғаларға берген кезде;

- есірткі, уытты және өзге де тыйым салынған заттарды сақтаған, пайдаланған, таратқан немесе басқа тұлғаларға берген кезде;

- жатақханада алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болған кезде;

- темекі өнімдерін, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), кальяндарды, құрамында никотин бар өнімдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе колледждің жергілікті нормативтік актілерінде пайдалануға тыйым салынған өзге де заттар мен бұйымдарды сақтаған және пайдаланған кезде;

- жатақхана мүлкіне материалдық залал келтірген кезде;

- тұру туралы шарттың талаптарын бұзған кезде;

- құқыққа қайшы әрекеттер жасаған кезде;

- осы Қағидаларды, тұру туралы шарт талаптарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және колледждің жергілікті нормативтік актілерін өзге де бұзған кезде.

5.4. Колледж әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген жағдайларда тұрушыны белгіленген тәртіппен хабардар ете отырып, тұру туралы шарттың талаптарын өзгертуге құқылы. Тараптар келісімге келмеген жағдайда шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұзылуы мүмкін.

6. Жатақханада тұрушылардың міндеттері

6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Қағидалар және колледждің жергілікті нормативтік актілері талаптарын қатаң сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға және айналасындағылардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

6.2. Алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болуға, алкогольді және өзге де заттарды сақтауға, пайдалануға, таратуға немесе

басқа тұлғаларға беруге жол бермеуге, сондай-ақ темекі өнімдерін, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), кальяндарды, құрамында никотин бар өнімдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе колледждің жергілікті нормативтік актілерінде пайдалануға тыйым салынған өзге де заттарды сақтамауға әрі пайдаланбауға міндетті.

7. Тұру қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

Алкоголь өнімдерін, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын, уытты заттарды, темекі өнімдерін, электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), кальяндарды сақтау, пайдалану, тарату фактілері анықталған немесе тұрушы жатақханаға алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық не өзге де масаң күйде келген жағдайда колледж әкімшілігі:

- анықталған бұзушылық туралы тиісті акт жасауға;
- білім алушыны колледждің Профилактика кеңесінің отырысына шақыруға;
- отырысқа қатысу үшін кәмелетке толмаған білім алушының ата-анасын (занды өкілдерін), ал қажет болған жағдайда кәмелетке толған білім алушының ата-анасын (занды өкілдерін) шақыруға;
- колледж әкімшілігін хабардар етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға;
- заңда көзделген негіздер болған кезде ақпаратты Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына және өзге де құзыретті ведомстволарына жіберуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тұру туралы шартты бұзу және жатақханадан шығару мәселесін қарауға құқылы.

8. Жатақханадан шығару және орынды қайта беру тәртібі

8.1. Тұрушы осы Қағидаларды, колледждің Ішкі тәртіп ережелерін, колледж Жарғысын, жатақханада тұру туралы шарттың талаптарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ тұру, мінез-құлық, тәртіп, санитариялық және өртке қарсы режим мен қауіпсіздік мәселелерін реттейтін колледждің өзге де жергілікті нормативтік актілерін сақтауға міндетті.

8.2. Білім алушыны жатақханадан шығару туралы мәселені қарауға оның осы Қағидаларды, Ішкі тәртіп ережелерін, колледж Жарғысын, тұру туралы шарттың талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде белгіленген өзге де міндетті талаптарды бұзуы негіз болып табылады.

8.3. Жатақханаға оралудың белгіленген уақытын жүйелі түрде бұзу.

Тұрушылар жатақханаға кірудің белгіленген уақытын — сағат 21:00-ге дейін сақтауға міндетті. Дәлелді себепсіз және жауапты тұлғаны алдын ала хабардар етпей жүйелі түрде кешігу және жатақханаға сағат 21:00-ден кейін оралу осы Қағидаларды бұзу ретінде қарастырылады.

Қайта бұзған жағдайда білім алушыға осы Қағидаларға, колледждің Ішкі тәртіп ережелеріне, тұру туралы шартқа және колледждің өзге де жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

Жатақханаға оралудың белгіленген уақытын жүйелі түрде бұзу білім алушының жатақханада одан әрі тұруы туралы мәселені белгіленген тәртіппен қарауға негіз болуы мүмкін.

8.4. Жатақханадан шығару туралы мәселені қарауға негіз болатын бұзушылықтарға, атап айтқанда, мыналар жатады:

- осы Қағидаларды жүйелі түрде немесе өрескел бұзу;
- алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, уытты және өзге де тыйым салынған заттарды пайдалану, сақтау, тарату немесе басқа тұлғаларға беру;
- жатақханада алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Қағидаларда тыйым салынған орындарда темекі шегу және электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), кальяндарды және құрамында никотин бар өзге де өнімдерді пайдалану;
- құқыққа қайшы әрекеттер жасау;
- өрт, санитариялық және өзге де қауіпсіздік талаптарын бұзу;
- жатақхананың, колледждің немесе басқа тұрушылардың мүлкіне материалдық залал келтіру;
- тұру туралы шарттың талаптарын бұзу;
- басқа тұрушылар мен колледж қызметкерлерінің өміріне, денсаулығына немесе қауіпсіздігіне қатер төндіру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында, колледж Жарғысында, осы Қағидаларда және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде көзделген өзге де бұзушылықтар.

8.5. Бұзушылық анықталған кезде жатақхананың жауапты қызметкері немесе өзге де уәкілетті тұлға күні, уақыты, орны, бұзушылықтың мән-жайлары және маңызы бар өзге де мәліметтер көрсетілетін тиісті акт жасайды.

8.6. Қажет болған жағдайда білім алушыдан жасалған бұзушылық фактісі бойынша жазбаша түсініктеме сұратылады. Білім алушының түсініктеме беруден бас тартуы тиісті актімен тіркеледі.

8.7. Бұзушылық туралы материалдар конкурстық комиссияның немесе колледждің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес уәкілетті колледждің өзге де комиссиясының қарауына жіберіледі.

8.8. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды қарайды, жасалған бұзушылықтың мән-жайларын анықтайды және өзіне берілген өкілеттіктер шегінде шешім қабылдайды. Қолданыстағы ТЖКББ ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларына сәйкес конкурстық комиссия негізделген ұсыну бойынша тұру қағидаларын немесе ұйым Жарғысын сақтамағаны үшін жатақханадан шығару туралы шешім қабылдайды.

8.9. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Қабылданған шешім негізінде колледж басшысы білім алушыны жатақханадан белгіленген тәртіппен шығару туралы тиісті бұйрық шығарады.

8.10. Өзіне қатысты жатақханадан шығару туралы шешім қабылданған білім алушы бұйрықта белгіленген мерзімде тұрып жатқан тұрғын үй-жайды босатуға, кілттерді және уақытша пайдалануындағы жатақхананың өзге де мүлкін тапсыруға, сондай-ақ бар берешегін өтеуге және келтірілген материалдық залалды заңнамада белгіленген тәртіппен өтеуге міндетті.

8.11. Бөлме босатылған кезде жатақхананың жауапты қызметкері үй-жай мен мүлікті тексереді. Мүлік немесе үй-жай бүлінген жағдайда тиісті акт жасалады.

8.12. Осы Қағидаларды, колледждің Ішкі тәртіп ережелерін, колледж Жарғысын, тұру туралы шарт талаптарын немесе өзге де міндетті талаптарды бұзғаны үшін бұрын жатақханадан шығарылған білім алушыларға жатақханадан орын қайта берілмейді.

8.13. Жатақханадан орынды қайта беруден бас тарту туралы шешімді орын беру туралы мәселені қарау кезінде бұрын жасалған бұзушылық және білім алушыны жатақханадан шығару фактісі құжатпен расталған негізде конкурстық комиссия қабылдайды.

8.14. Бұрын жасалған бұзушылық және жатақханадан шығару фактісі тиісті құжаттармен, оның ішінде бұзушылық туралы актімен, білім алушының жазбаша түсініктемесімен немесе оны беруден бас тартуы туралы актімен, комиссия отырысының хаттамасымен, жатақханадан шығару туралы бұйрықпен және өзге де құжаттармен расталады.

8.15. Осы тәртіп білім алушының жатақханада тұруын тоқтатуы тұру қағидаларын, шарт талаптарын, колледж Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін немесе өзге де міндетті талаптарды бұзуға байланысты болмаған жағдайларға қолданылмайды.

8.16. Осы бөлімде көзделген шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары және білім алушының құқықтары мен заңды мүдделері ескеріле отырып қабылданады.

Жатақханада тұрудың санитариялық нормалары

1. Жатақханада тұрушылар санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға, тұрғын және ортақ пайдаланылатын үй-жайларда тазалық пен тәртіпті қолдауға міндетті.
2. Тұрғын бөлмелерді, жиһазды, тұрмыстық жабдықты және жеке заттарды таза әрі тиісті санитариялық күйде ұстау.
3. Тұрғын бөлмелерде күн сайын тәртіпті сақтау, үй-жайларды уақтылы тазалау, желдету және қоқыстың жиналуына жол бермеу.
4. Еденді, жиһаз беттерін, терезе алды тақтайларын және басқа қолжетімді беттерді үнемі ылғалды тазалау.
5. Тұрмыстық қалдықтарды арнайы бөлінген орындарға уақтылы шығару. Бөлмелерде, дәліздерде, санитариялық бөлмелерде және ортақ пайдаланылатын өзге де орындарда қоқыстың жиналуына жол берілмейді.
6. Жеке гигиена қағидаларын сақтау, киімді, аяқ киімді, төсек-орынды және жеке пайдаланатын заттарды таза ұстау.
7. Тиісті сақталуын қамтамасыз етпейтін жағдайларда тұрғын бөлмелерде азық-түлік өнімдерін, тез бұзылатын өнімдер мен дайын тағамдарды сақтамау.
8. Жәндіктердің, кеміргіштердің және өзге де зиянкестердің пайда болуына және таралуына жол бермеу. Олардың пайда болу белгілері анықталған кезде жатақхана әкімшілігіне дереу хабарлау.
9. Асүйлерді, санитариялық бөлмелерді, душ бөлмелерін, дәліздерді және басқа ортақ пайдаланылатын орындарды пайдаланғаннан кейін тазалық пен тәртіпті сақтау.
10. Егер бұл үй-жайлардың ластануына, жағымсыз иістің пайда болуына немесе антисанитариялық жағдайға әкелуі мүмкін болса, ортақ пайдаланылатын орындарда азық-түлік өнімдерін, ыдыс-аяқты, тұрмыстық қалдықтарды және өзге де заттарды қалдыруға жол берілмейді.
11. Тамақ дайындау кезінде санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау, асүй жабдығын мақсатына сай пайдалану және тамақ дайындағаннан кейін жұмыс орнын тиісті санитариялық күйге келтіру.
12. Бітелуге әкелуі мүмкін тағам қалдықтарын, майларды және өзге де заттарды раковиналар мен кәріз жүйелеріне төгуге жол берілмейді.
13. Кірді, киімді және аяқ киімді оған арналмаған орындарда кептіруге, сондай-ақ үй-жайлардың қалыпты желдетілуіне кедергі келтіретін жағдай жасауға жол берілмейді.
14. Өткелдерді, баспалдақ алаңдарын, дәліздерді, эвакуациялық шығу жолдарын және ортақ пайдаланылатын өзге де орындарды жеке заттармен, жиһазбен, қораптармен және басқа заттармен бөгеуге жол берілмейді.
15. Санитариялық-техникалық жабдықтың ақаулары, су ағуы, су құбырының, кәріздің, жылытудың бүлінуі немесе үй-жайлардың санитариялық күйінің нашарлауына әкелуі мүмкін өзге де мән-жайлар анықталған кезде жатақхана әкімшілігіне дереу хабарлау.
16. Тұрушылар жатақханада белгіленген тұрғын үй-жайлар мен ортақ пайдаланылатын орындарды тазалау кестесін сақтауға, сондай-ақ санитариялық жағдайды қамтамасыз етуге және гигиеналық нормаларды сақтауға бағытталған әкімшілік талаптарын орындауға міндетті.

17. Санитариялық нормалар бұзылған жағдайда тұрушы осы Қағидаларға, тұру туралы шартқа және колледждің өзге де жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес жауапты болады.

Жатақханадағы өрт қауіпсіздігі талаптары

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрттің туындауын болдырмау мақсатында жатақханада тұрушылар:

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Қағидаларда және колледждің жергілікті нормативтік актілерінде белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;
2. өрт қауіпсіздігі құралдарына ұқыпты қарауға және өрт сөндіргіштердің, өрт крандарының, өрт дабылы жүйелерінің, хабарлағыштардың және өзге де өрттен қорғау құралдарының бүлінуіне, бұғатталуына немесе мақсатсыз пайдаланылуына жол бермеуге;
3. дәліздерді, баспалдақ алаңдарын, өткелдерді, эвакуациялық шығу және эвакуация жолдарын жиһазбен, жеке заттармен, қораптармен және басқа заттармен бөгеуге жол бермеуге;
4. ақаулы электр аспаптарын, электр сымдарын, розеткалар мен ұзартқыштарды пайдаланбауға, сондай-ақ электр жабдығын өз бетінше жөндеуге жол бермеуге;
5. техникалық сипаттамаларына сәйкес тұрақты жұмыс істеуге арналған жабдықты қоспағанда, қосулы электр аспаптарын қараусыз қалдырмауға; электр аспаптарын пайдаланып болғаннан кейін, егер пайдалану жөніндегі нұсқаулықта өзгеше көзделмесе, оларды электр желісінен ажыратуға;
6. бірнеше қуатты электр аспабын бір мезгілде қосу арқылы электр розеткалары мен электр желілеріне шамадан тыс жүктеме түсірмеуге;
7. жатақхананың тұрғын бөлмелері мен өзге де үй-жайларында ашық отты, шамдарды, керосин шамдарын, қолдан жасалған жылыту құрылғыларын және өзге де ашық от көздерін пайдаланбауға міндетті.
8. Бөлмелерде тез тұтанатын, жанғыш және жарылыс қаупі бар заттар мен материалдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе колледждің жергілікті нормативтік актілерінде сақтауға тыйым салынған өзге де заттарды сақтауға жол берілмейді.
9. Жатақхана ғимаратында темекі шегуге, оның ішінде электрондық тұтыну жүйелерін (вейптерді), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе колледж қағидаларында пайдалануға тыйым салынған өзге де құрылғыларды пайдалануға жол берілмейді.
10. Жылыту аспаптарында киім мен басқа материалдарды кептіруге, жылыту аспаптары мен желдеткіш торларды жабуға немесе бөгеуге жол берілмейді.
11. Егер жатақханада белгіленген қағидаларда көзделмесе, тұрғын бөлмелерде электр плиталарын, су қайнатқыштарды, жылытқыштарды және басқа тұрмыстық электр аспаптарын пайдалануға жол берілмейді.
12. Өрт, түтін, күйік иісі немесе электр сымдарының қызып кету белгілері анықталған кезде жатақхана әкімшілігіне дереу хабарлауға және қауіпсіз эвакуациялау шараларын қабылдауға міндетті.
13. Әрбір тұрушы эвакуациялық шығу және эвакуация жолдарының, өрт сөндіру құралдарының орналасуын және эвакуация кезіндегі жиналу орнын білуге міндетті.
14. Эвакуация жүргізу кезінде дүрбелең туғызуға, басқа тұлғалардың қозғалысына кедергі келтіруге, жеке заттары үшін қайтып оралуға және өрт сөндіру және құтқару қызметтерінің жұмысына кедергі келтіретін әрекеттер жасауға тыйым салынады.
15. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзатын тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына, тұру туралы шартқа және колледждің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес жауапты болады.

